



ҚАРАҒАНДЫ ФИЛИАЛЫ ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

**БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ № 21
2016 жылғы 03 қараша**

Төлем карточкаларын пайдалана отырып, қолма-қол жасалмайтын есеп айырысулардың дамуы туралы

2016 жылғы 1 қазанындағы жағдай бойынша төлем карточкаларын шығаруды іс жүзінде 25 екінші деңгейдегі банк және «Қазпочта» АҚ жүзеге асырады.

Аталған ұйымдар халықаралық жүйелердің төлем карточкаларын шығарады және таратады (олардың үлесі – 97,2%): VISA International, MasterCard Worldwide, American Express International және UnionPay International. Бұдан басқа Қазақстан банктері жергілікті жүйелердің төлем карточкаларын шығарады: Altyn Card – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және Ситибанк Қазақстан жергілікті карточкасы - «Ситибанк Қазақстан» АҚ.

2016 жылғы 1 қазанындағы жағдай бойынша банктер 15,4 млн. төлем карточкаларын шығарды, ал бұл карточкаларды ұстаушылар саны – 14,0 млн. адам болды (2015 жылғы осындай күнгі жағдаймен салыстырғанда – тиісінше 8,0% және 3,8% азаю). Ең қолайлы таралған карточкалар дебеттік карточкалар болып табылады, осы карточканың көмегімен карта ұстаушылары, тек осы карточканың шотындағы соманы ғана пайдалана алады, олардың үлесі 80,6%, кредиттік карточкалардың үлесі – 15,7%. Кредиттік лимиті бар дебеттік карточкалардың және алдын ала ақысы төленген карточкалардың үлесіне тиісінше 3,0% және 0,8% сәйкес келеді.

2016 жылғы қыркүйегінде қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған транзакциялардың көлемі 877,5 млрд. теңге болды (2015 жылғы қыркүйек айымен салыстырғанда өсу 24,7%). 2016 жылғы қыркүйек айында транзакциялар саны 27,5 млн. транзакция болды және 2015 жылғы қыркүйек айымен салыстырғанда 21,6% ұлғайды. Бұл ретте қолма-қол жасалмайтын төлемдер санының және сомасының өсуі 45,4% (транзакциялардың саны 10,3 млн. транзакция болды) және 58,4% (транзакциялардың көлемі 144,9 млрд. теңге болды), ал қолма-қол ақшаны алу бойынша операциялардікті тиісінше 10,8% (транзакциялардың саны 17,2 млн. транзакция болды) және 19,6% (транзакциялардың көлемі 732,6 млрд. теңге) болды.

Қолма-қол жасалмайтын төлемдердің негізгі үлесі POS-терминалдар (қолма-қол жасалмайтын төлемдердің жалпы санынан және көлемінен 55,6%

және 60,9%) және интернеттар (тиісінше 33,6% және 25,4%) арқылы жасалды. Қолма-қол ақшаны беру операциялары негізінен банкоматтар арқылы жасалды (қолма-қол ақшаны беру бойынша операциялардың жалпы санынан және көлемінен 94,7% және 84,4%).

Қарағанды облысы бойынша 2016 жылғы 1 қазанындағы жағдай төмендегідей:

- Айналымдағы карточкалар саны – 1097,9 мың бірлік.
- Карточка ұстаушыларының саны – 993,7 мың адам.
- Қолданылған карточкалардың саны – 627,6 мың бірлік.
- POS – терминалдар саны – 8614 дана.
- Банкоматтар саны – 749 дана.
- Сауда кәсіпорындарының саны – 5549 бірлік.
- Банк киоскілерінің саны – 110 дана.
- Төлем терминалдарының саны – 1679 дана.

2016 жылдың қыркүйек айында қолма-қол ақшасыз төлемдері 257,7 мың транзакция сомасы 4112,6 млн. теңге, қолма-қол ақшаларды беру операцияларының саны 1438,2 мың транзакция сомасы 57209,9 млн. теңге.